

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 224 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2010 жылғы 26 сәуірде Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К.Мәсімов

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық туралы келісім

(2011 жылғы 19 сәуірде күшіне енді -

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары Бюллетені, 2011 ж., № 3, 41-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Ү к і м е т і ,

Тараптар мемлекеттері арасында орын алған достық қарым-қатынастарды н ы ғ а й т у ғ а ұ м т ы л а отырып ,

теңдік пен өзара пайда принциптерінде білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықты орнату мен дамыту ниетін басшылыққа ала отырып,

Тараптар мемлекеттері ұлттық заңнамаларының нормаларына сүйене отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар екі мемлекет арасындағы білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықты Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес дамытады және нығайтады.

2-бап

Т а р а п т а р :

ғылыми және техникалық құжаттармен;
білім және ғылым жүйесін реформалау тәжірибесін зерделеу, сондай-ақ ғылым саласындағы зерттеулерді қолдау мақсатында сарапшылармен;
ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды даярлау жөніндегі ақпаратпен;
с т у д е н т т е р м е н ;
білім беру бағдарламалары жинақталған оқулықтармен, құжаттармен, зерттеулерімен және оқу жоспарларының үлгілерімен;
білім беру ұйымдарын аттестатау және/немесе аккредиттеу рәсімдері және жоғары оқу орындарының академиялық дәрежелері туралы ақпаратпен;
білім және ғылым саласында тренингтер, конференциялар мен семинарлар өткізу туралы ақпаратпен өзара алмасуға ықпал етеді.

3-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес білім және ғылым ұйымдары арасында әріптестік байланыстарды орнатуға ықпал етеді.

4-бап

Тараптар Тараптар мемлекеттерінің азаматтарына Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес азаматтардың өздерінің, қоғамдық ұйымдардың, қорлардың, демеушілердің қаражаты есебінен ақылы негізде Тараптар мемлекеттерінің білім беру ұйымдарында білім алу мүмкіндігін ұсынады.

5-бап

Осы Келісімде көзделген ережелерді іске асыру Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес Тараптар мемлекеттерінің мүдделі ұйымдары арасында шарттар жасасу негізінде жүзеге асырылады, бұл шарттарда олардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі анықталуы тиіс.

6-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың мемлекеттері қатысатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттерін қозғамайды

7-бап

Мыналар Келісімді іске асыру бойынша Тараптардың уәкілетті органдары болып т а б ы л а д ы :

Қазақстан Республикасы тарапынан - Білім және ғылым министрлігі,

Армения Республикасы тарапынан - Білім және ғылым министрлігі.

Тараптардың уәкілетті органдарының атауы немесе функциялары өзгерген жағдайда дипломатиялық арналар арқылы бір-біріне дереу хабарлайды.

8-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен рәсімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

9-бап

Осы Келісімді іске асыру бойынша кез келген даулар Тараптардың уәкілетті органдары арасындағы келіссөздер мен өзара консультациялар арқылы шешілетін болады.

10-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін тиісті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы келісім бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың ешқайсысы ағымдағы кезең аяқталғанға дейін алты ай бұрын дипломатиялық арналар арқылы өзінің оның қолданылуын ұзартпау ниетін туралы басқа Тарапқа жазбаша хабарлама жібермесе, автоматты түрде келесі бес жылдық кезеңге ұзартылады.

Егер Тараптар оларды тоқтату туралы екі жақты келісімге келмесе, осы Келісімнің қолданысын тоқтату қолданыстағы бағдарламалар мен жобаларға қолданылмайды.

2010 жылғы 26 сәуірде Астана қаласында әрқайсысы қазақ, армян және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Армения Республикасының

Үкіметі үшін

2010 жылғы 27 сәуірде Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы білім және ғылым

саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

*Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Халықаралық-құқық департаментінің
Б. Пискорский*

Басқарма бастығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК